



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

құны – 251 млн теңге, 300 жаңа жұмыс орнын құру.

ҚР Премьер-министрі К.Мәсімовтың 20.07.2011 жылғы № 11-05/007-980 санды хаттамаланған тапсырмасына сәйкес, шымкенттік қорғасын зауытын қала сыртына орналастыру мәселесін зерттеу үшін жұмыс тобы құрылған. Оған ҚР Индустрия және жаңа технологиялар жөніндегі бірінші вице-министрі А.Рау басшылық етті.

Қорғасын зауыты 1934 жылы тұрғызылып, қаланың орталық бөлігінде орналасқан. Топырақты ластау деңгейі мұнда рұқсат етілген нормадан 10 есеге жоғары. Зерттеу қорытындылары бойынша, Шымкенттің мектепке дейінгі мекемелерінің аумағындағы топырақ қабатында 24900 мг/кг дейін қорғасын анықталған, әрекет ететін норма – 32 мг/кг құрайды. Осы кәсіпорынға жақын жерде тұратын балалардың 65%-ның қанында жоғарғы мөлшердегі қорғасын анықталған.

«Оңтүстік» АЭА-да 2 жаңа инвестициялық жоба жүзеге асырылуда:

- олардың біреуін «Шымкент-Кашемир» ЖШС жүзеге асыруда. Аталған компания 2010 жылдың желтоқсан айында дайын тоқыма өнімдерді шығаруға кірісіп кеткен. Өндірісте отандық шикізатты, атап айтқанда жабағы жүнді қой жүнін пайдалану Қазақстандағы жабағы жүнді қой шаруашылығының дамуына жағымды әсер етуі тиіс;

- «АГФ групп» ӨК» ЖШС-ның конвейерлі ағыны бар тігін фабрикасын және қолданбалы материалдарды шығару жөніндегі цехты ашу бойынша жобасы.

Алайда барлық ұсынылған жобалардың ішіндегі негізгісі – «Оңтүстік Құрылыс Сервис» ЖШС жүзеге асырып отырған және үй құрылысы комбинаты мен темір бетонды зауытты модернизациялауды қарастыратын жоба болды.

2014-2015 жылдың қорытындылары:

- 2014-2015 жылдарға арналған салаларда жетекші инвесторларды тарту бойынша Жол картасы (облыс деңгейінде) бекітілді;

- ОҚО-ға басымды шетел компаниялары мен шет елдердің тізімі белгіленіп бекітілді;

- 2014 жылға Халықаралық Қаржы ұйымдармен жұмыс жүргізу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді;

- Қаржыландыру үшін ОҚО ең өзекті жобалардың тізімі белгіленді;

- Көшелерді жарығын жетілдіру және автобус паркін жаңарту бойынша жобаларды бірінші кезектегі іске асыру бойынша мәселелер пысықталуда.

- ОҚО инвестициялық мүмкіншіліктері бойынша Веб-порталы (www.southkazinvest.kz) жүзеге асырылды. Шетелдік және жергілікті инвесторларға ыңғайлы болу үшін сайт үш тілдерде жұмыс жасайды (қазақ, орыс, ағылшын). Аталған сайтта пайдаланушы аймағымыз туралы толық мәліметті және инвестициялық жобалардың сипаттамасымен интерактивтік картасын, әкімдік тарапынан көрсетілетін жүйелі қолдау құралдарын және бизнесті жүргізу бойынша басқа да ақпараттар таба алады.

Осылайша, облыстың индустриалды-инновациялық дамуы болашақта өңір келбеті болатыны анық.

Қолданылған әдебиет

1. [//www. Google7.kz/ search?hl](http://www.Google7.kz/search?hl)
2. Оңтүстік Қазақстан Облысы әкімінің сайты.
3. Оңтүстік Қазақстан Облысы Мырзахметов А. әкімінің 2010 жылғы қорытынды есептемесі.

ӨОЖ 341.222.22 (574:510)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРА ЖӘНЕ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Умиталиева Айгирим Назыбековна

aigirim.umitaliyeva@mail.ru

1991 жылы Қазақстан секілді жас тәуелсіз мемлекеттің алдында сыртқы саясатында көрші мемлекеттермен ҚР мемлекеттік шекарасының барлық аумағындағы даулы жерлерді шешу сияқты оның болашағын анықтайтын өте маңызды мәселе тұрды. Тәуелсіздік алған соң, өзінің көршілерімен 14 мың шақырым құрлықтық шекараға ие Қазақстан үшін халықаралық құқық негізінде заңды түрде жақын көршілерімен шекаралық-аумақтық мәселені реттеу қажет еді, соның ішіндегі ең алпауыт мемлекет – Қытай Халық Республикасы.

Шекараны межеу әрбір мемлекет үшін оның өмір сүру кезеңінің әр тұсында ең маңызды мәселе болып табылады. КСРО кезінде Қытаймен шекаралық-аумақтық мәселе толық шешілмей қойған еді. Бұның негізгі себебі – Мәскеу циндік Қытаймен ХІХ ғасырда патшалық Ресей тарапынан жасалған территориялық жіктеу жоспарынан айырылғысы келмеуі. Сол себепті кеңестік күштер жалпы шекара мәселесінің бар екендігін мойындамады. Дәл осы уақытта Пекин қытай-кеңес шекарасы туралы қол қойылған келісімдерге және де сол кездегі шекараның өту сызығына күмәнмен қарай бастады.

Соның салдарының бірі кеңес-қытай шекарасындағы қарулы қақтығыстар – Қиыр Шығыстағы Даман аралындағы (1969 жылы 14-15 наурыз) және Қазақ КСР-ның Семей облысындағы Жалаңашкөл аумағындағы (1969 жылы 13 тамыз) оқиғалар [1].

Сондықтан тәуелсіздік алған соң Қазақстан Республикасы Қытаймен жаңа қанды қақтығыстарға әкелуі мүмкін шекаралық-аумақтық шиеленістерді «қатыру» немесе өзаратүсіністік және екі жақтың мүдделерін ескеру негізінде қазақ-қытай шекарасындағы барлық даулы мәселелерді шешу арқылы қақтығыстарды жою дилеммасын алға қойды. КСРО ыдыраған соң ҚХР-мен шекара мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу үшін Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Ресей Федерациясы Үкіметтерінің Біріккен делегациясы құрылды. Қазақстандық тарап Қытаймен келіссөздерге 1992 жылы 17 шілдедегі «Қытай Халық Республикасымен қарулы күштерді өзара қысқарту мен қазақ-қытай шекарасындағы әскери аумақта сенімді нығайту және шекара сұрақтары бойынша келіссөздер туралы» Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Жарғысына сәйкес делегацияны құру арқылы кірісті. Келіссөздердің заңды негізі ретінде ХІХ ғасырда патшалық Ресей мен циндік Қытайдың арасында жасалған хаттамалар мен келісімдер алынды. Келіссөздердің бастапқы кезеңінде халықаралық-құқықтық нормалар, өзаратүсіністік пен ымыралы келісім шеңберінде Қазақстанның да, Қытайдың да мемлекеттік мүдделерін ескеретін келіссөз үрдісін жүргізудің принциптары жасалынды [2].

Қызу келіссөздер нәтижесінде 1994 жылы 26 сәуірде қазақ-қытай мемлекеттік шекарасы туралы Келісімге қол қойылып, ол өз күшіне тараптар бекіту грамоталарымен алмасқан соң, 1995 жылы 11 қыркүйекте енді. Дегенмен, шекара мәселесін толықтай шешкен қосымша келісімге ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Цзян Цзэмин 1998 жылы 4 шілде күні Алматы қаласында қол қойды.

Бұл кезеңде аса көп қиындықтар тудырған Шоған-Оба, Баймырза және Сарышілде өзені аумағындағы екі шекаралық бөлік болатын. Қытай мен Ресей империясы, кейін КСРО арасында жасалған шекаралық сұрақтар бойынша келісімдердің нақты болмауы салдарынан осы өңірлердегі шекара дұрыс анықталмаған еді. Тарихи құжаттарға сүйене отырып, сонымен қатар екі мемлекеттің жергілікті қоныстары мен ауылдарының орналасқан жерлерін ескере отырып, Қазақстан тарабы аталмыш даулы бөліктер бойынша ҚХР-на келесідей ұсыныс жасады: Шоған-Оба мен Баймырза аумағының 70%-ы Қазақстанға, сәйкесінше 30%-ы Қытайға, ал Сарышілде аумағы территориясының 70%-ы Қытайға, қалған 30%-ы Қазақстанға тиесілі. Екі мемлекет өкілдерінен құралған жұмыс топтарының қажырлы еңбегінің арқасында аталмыш мәселе былайша шешілді: жалпы дау тудырып отырғын жер көлемі 944 шаршы шақырым болса, соның 537 шаршы шақырым Қазақстан Республикасына,

407 шаршы шақырым Қытай Халық Республикасының еншісіне өтті. Пайыздық көрсеткішпен айтқанда, ҚР-на 57%, ҚХР-на 43% тиді. Бұл тәуелсіз жас Қазақстан елі дипломатиясының үлкен жеңісі болды [3].

Тараптар делимитацияны аяқтаған соң, бірлескен қазақ-қытай комиссиясының көмегімен іске асқан шекараны демаркациялауға көшті. 2002 жылы 10 мамырдағы ҚР мен ҚХР Үкіметі арасындағы қазақ-қытай шекара сызығын демаркациялау туралы Хаттамаға қол қойылды. Демаркацияланған шекараның жалпы ұзындығы 1783 км құрады. Қазақстан Республикасының сыртқы-саяси доктринасының негізін қалаушылардың бірі Қ. Тоқаев аталмыш мәселенің шешілу қорытындыларын былай түсіндіреді: «Жерлермен алмасу Қазақстанның жалпы территориясын кішірейтпеді. Қытаймен территориялық мәселені шешу заңды түрде дұрыс және саяси тұрғыдан негізделген болды. Қытайға «территориалды шегіну» тезисі сынауға тұрмайды».

Келесі Қазақстан мен Қытай арасындағы толық шешіле қоймаған аса маңызды мәселелердің бірі – су мәселесі. Екі ел арасындағы тарихтан қалған шекара мәселесі сияқты трансшекаралық өзендер де Кеңес дәуірінен келе жатқан мәселе болып табылады. Аталмыш мәселе алғаш 70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басында басталған. Ол кезде ҚХР-мен трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану және қорғау мәселесін реттейтін мемлекетаралық келісімді дайындау туралы уағдаластыққа қол жеткізілген еді. Тараптар көзқарастарының әртүрлілігінен мәселені шешу ұзаққа созылып кетті. 1992 жылы Қытай тарапына аталмыш мәселеге сәйкес келісімнің қазақстандық жобасы ұсынылған болатын.

Алғаш рет трансшекаралық өзендерді пайдалану мәселесі бойынша ресми келіссөздер 1998 жылы басталды. Осы жылдан бастап Қазақстан мен Қытай арасында аталмыш мәселе бойынша келіссөздердің 5 раунды өтіп, нәтижесінде трансшекаралық өзендер бойынша Бірлескен жұмыс тобы құрылады. 2000 жылдың 6 қарашасында Алматыда осы топтың бірінші мәжілісі болып, онда 23 трансшекаралық өзеннің тізімі жасалып, 3 кезеңнен тұратын жұмыс белгіленген болатын [4].

Екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер тізіміне Ертіс өзені алқабынан алты өзен, Іле өзені алқабынан үш өзен, барлық таулы жүйе өзендерінен сегіз өзен енгізіліп отыр. Ондағы гидрологиялық бақылау орындары анықталды. Бұл – біздің республикамыздың көптеген аймақтары үшін ауыз суының негізгі қайнар көзі. Мысалы, Ертіс және оның салалары Астана, Қарағанды, Павлодар, Семей және басқа қалаларды сумен қамтамасыз етеді, бұл өзендерді көптеген су қоймалары пайдаланады. Бұнымен қоса бұл өзендер көп жылдар бойы шиеленіскен даулардың нысаны болды. Көптеген мамандардың айтуы бойынша, қытай тарапынан Іле мен Ертістен көбейіп жатқан су бөгеті жақын арада екі-үш жыл ішінде Қапшағай, Балқаш және Зайсан аймақтарында экологиялық зардапқа әкелуі мүмкін.

2001 жылы 23-25 маусымда бірлескен мамандар тобы Ертіс-Қарамай каналының сағасына және Ертіс өзеніндегі тоспаға тексеру жасады. Қытай жағының өз аумағындағы су қоймаларын қарауға мүмкіндік беруі олардың бұл мәселені әділдікпен шешуге ынталы екендігін дәлелдейді.

2009 жылдың сәуір айында ҚР премьер-министрі К. Мәсімов Қытайға ресми сапары барысында трансшекаралық өзендер мәселесіне тоқталған болатын. Ол трансшекаралық өзендер мәселесінде бұған дейін жалпы қол жеткізілген уағдаластықтарға оң баға бере отырып, Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау туралы мәселелерді қозғады. Үкімет басшысы Қазақстан Республикасы үшін де, ҚХР үшін де халық шаруашылығы саласында үлкен маңызы бар Ертіс пен Іле өзендеріндегі су бөлу мәселелерін Қазақстан егжей-тегжейлі талқылауға кірісу қажет деп санайтынын айтты.

2010 жылы маусымдағы ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға сапарының қорытындысы бойынша қол қойылған ҚР мен ҚХР-ның Бірлескен Коммюникесінің 11-тармағында: «Тараптар «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Трансшекаралық өзендердің су сапасын қорғау жөніндегі келісімінің» мәтінін келісу бойынша Тараптардың табиғат қорғау ведомстволарының қол жеткізген уағдаластығын жоғары бағалайды, екі мемлекеттің табиғат қорғау

ведомстволарының «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің» мәтінін келісуді 2010 жылы аяқтау жөніндегі күш-жігерін белсене қолдайды» делінген.

2011 жылдың ақпан айындағы Елбасының Қытай Халық Республикасына іс-сапары барысында бірқатар маңызды Үкіметаралық келісімдерге қол қойылды. Ертiс, Іле және тағы басқа трансшекаралық өзендер суының сапасына қатысты, Қорғас трансшекаралық өзенінде бiрлескен «Достық» су торабын салу туралы Келісімге қол қойылуының маңызы ерекше болып табылады. Президент Н. Назарбаев сапарды былай қорытындылайды: «Бүгінгі мемлекеттік сапарды өзекті мәселелер бойынша шешімдер қабылдану тұрғысынан алғанда өте жемісті болды деп санаймын. Трансшекаралық өзендер мәселесі көптен бері күн тәртібінде тұрған мәселе. Ал бүгін бiз Ертiс, Іле және тағы басқа трансшекаралық өзендердегі судың сапасын екі жақтан қадағалау туралы келісімге қол қойдық. Ендігі күн тәртібіндегі мәселе әділ су бөлу мәселесі болып табылады». Келісім екі мемлекеттің трансшекаралық өзендер суының сапасын қамтамасыз етуін қарастырады және екі жақтың суды қорғау, қадағалау, мониторинг жүргізу жұмыстарын регламенттеуге мүмкіндік береді.

Президент Н.Ә. Назарбаев 2013 жылы Қытайға ресми сапары кезінде Қытай басшысы Си Цзиньпинмен кездесті. Сапар аясында көптеген маңызды мәселелермен қатар, шекара-аумақтық және трансшекаралық өзендерді пайдалануды реттеу мәселесі де талқыланды. «Си Цзиньпин ҚХР ешқашан Қазақстан экономикасына зиян, шығын келтіретін ештеңе істемейтінін мәлімдеді», - деді Назарбаев [5].

Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастар «стратегиялық әріптестік» сипатына ие болуына қарамастан, Қытай, қандай жағдай болмасын, өз ұлттық мүдделеріне қысым жасалуына мүлдем бармайды. Қазақстан үшін бұл тек бір нәрсені білдіреді – трансшекаралық өзендер мәселесі шешілмеген сұрақтардың қатарына жатады. Бұл жерде екі түрлі жол ғана қарастырылады: біріншіден, Қазақстанда судың тиімді қолданылуын ұйымдастыру; екіншіден, Қытаймен жарамды ымыраға келуге тырысу.

Өзендер ортақ, олар мемлекеттерді бөлмейді, керісінше біріктіреді. Сондықтан оларды пайдаланудың біріккен, залалсыз негіздегі ережелерін ойластыру қажет. Өзендердегі жағдайдың бiрлескен мониторингін түзету керек, тиісті ақпараттармен алмасу, әр тараптардың жоспарланған экономикалық іс-шараларды ескертуі, бұндай әрекеттегі ықтимал салдарларды бірігіп есепке алу, мамандардың тығыз өзараәрекеттестігін қамтамасыз ету керек.

Бұл жерде Қытай бағыты өте ұтысты. Біріншіден, ол өз территориясында қалыптасқан трансшекаралық өзендерді ғана пайдаланады. Екіншіден, Қазақстанмен салыстырғанда, Шыңжаң суға тәуелді аймақ емес.

Қытай жұмысшы тобына келетін болсақ, ол құрылып, белсенді жұмысын атқаруда. Осы 2015 жылы Қазақстан мен Қытай арасында суды бөлісу келісіміне қол қою жоспарлануда. Бұл ҚХР қазақстандық тараппен ұсынылған келісімдер жобасын талқылауға және даярлығын ілгері бастауға деген дайындығын, сонымен қатар Қытай Қазақстанға экологиялық қауіп тигізбейтіндігін білдіреді.

Нені күтуге болмайды? Біріншіден, Қытай Қазақстанға маңызды шегінулерге бармайды және Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы ауданындағы суландыру құрылысын тежемейді. Шыңжаңның экономикалық дамуы мүлдем басқа басымдылықтарды талап етеді, Қазақстан ҚХР Үкіметін, соның ішінде ШҰАА Үкіметін кері әрекеттер жасауда көндіре алмайды. ШҰАА экономикасын және тұрғындарын тұщы сумен қамтамасыз ету мәселесі, әсіресе мемлекетте ұлтшылдық тенденциясы өрең алып отырған жағдайда, ұлттық басымдылықтар қатарына жатады. Сондықтан Қытайдан көп нәрсені талап ету мағынасыз болып табылады.

Екіншіден, Қазақстанның Қытаймен трансшекаралық өзендер мәселесі бойынша диалогта конструктивизмді қосуы екіталай. Бұл туралы БАҚ-да Қазақстандағы экологиялық апат және Қытайдың суды бөлісу туралы келісімге қол қойғысы келмейтіндігі туралы көп

айтылды. Әрине, мәселе үлкен назар аударарлықтай, дегенмен, оның екіжақты форматта немесе үшжақты негізде (Ресейдің қатысуымен) шешілгені дұрыс.

Сонымен қатар, Қытай трансшекаралық өзендер мәселесін екіжақты (Ресеймен) немесе үшжақты форматта (ШҰҰ шеңберінде) талқылауға келіспейтіндігі анық. Өйткені, Қытай Үкіметі Қазақстанның ресейлік тарапты келіссөздер үрдісіне қосу ұсынысына әрдайым бұл келіссөздерді екіжақты форматта өткізуді қалайтынын жариялап отырды. Бүгінгі таңда барлық іс-әрекеттер қолданылып қойды, енді тек Қытай тарапының «қайырымды үлесіне» үміттену қажет [6].

Қорыта келе, адамзат дамуының көзі болып табылатын су мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттер мүдделерінің қақтығысын туғызып отыр. Экономикалық пайда көзін іздеп, трансшекаралық өзен суларын пайдалануда табиғи тепе-теңдік сақталмайтын болса, өте өзекті экологиялық мәселені тудырады. Сондықтан бұл мәселеде Ертіс, Іле суларын ортақ пайдаланатын мемлекеттердің парасатты шешім табу талпынысына жүгінеміз. Кез келген халықаралық, өзара тиімділік, өзара ыңғайға көнушілік негізінде бейбіт жолмен шешкен абзал.

Қолданылған әдебиеттер

1. Токаев К. Откуда взялись эти спорные участки // Новое поколение. - 1999. - № 10. - 12 марта.
2. Сыроежкин К.Л. Казахстан-Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. Книга 1. В начале пути. Казахский институт стратегических исследований при Президенте РК. Алматы, 2010, С. 113.
3. Wenwen Shen. China and its Neighbours: troubled relations. EU-Asia Centre. March, 2012. // http://www.eu-asiacentre.eu/pub_details.php?pub_id=46
4. Президент Н. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминьге Жолдауы (31.03.1999 ж.) // Дипломатия жаршысы. – 1999. - №2. – 13 б.
5. Изимов Р.Ю. Проблемы трансграничных рек В контексте казахстанскокитайских отношений. – 2013. // http://cc-sauran.kz/rubriki/politika/39-rivers_rk_knr.html
6. Сыроежкин К.Л. Проблема трансграничных рек относится к разряду неразрешимых. – 2015. // <http://m.365info.kz/2015/02/konstantin-syroezhkin-problema-transgranichnyx-rek-otnositsya-k-razryadu-nerazreshimyx/>

ӘОЖ 327 (574:061.1ЕС)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Усембаева Меруерт Кайратовна

zhakupova_meruert@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Халықаралық қатынастар» факультеті»

Аймақтану кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Букешова Г.Қ.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін әлемдегі саяси және экономикалық қатынастардың дербес субъектісі бола бастады. Бұл елдің сыртқы саяси қызметінің басымдықтарын анықтау қажеттілігін туғызды. Қазақстан Республикасының Президенті сыртқы саясаттың негізгі векторлары мен басымдықтарын айқындайды және мұндай векторлардың бірі болып Қазақстан – Еуропалық Одақ линиясы бойынша екіжақты өзара әрекеті саналатыны сөзсіз.

Бүгінгі әлемдік экономикалық дамуды жаңа саяси ақиқат – Еуропалық одақ елдерінсіз көзге елестету қиын. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың күш-жігері арқасында Қазақстан мен